

"2021 - 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 251 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2021 - 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Жоба

1-бап. "2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2020 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1, 2 және 8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 12 405 717 446 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 6 913 806 526 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 286 899 962 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 3 585 654 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 5 201 425 304 мың теңге;

2) шығындар – 14 911 075 741 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 223 459 837 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 392 058 235 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 168 598 398 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 30 847 068 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 30 847 068 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы – -2 759 665 200 мың теңге, немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 3,5 пайызы;

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -8 243 730 200 мың теңге, немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 10,6 пайызы;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 2 759 665 200 мың теңге.

2-бап. 2021 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 48 740 450 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 8 516 575 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделсін.";

"8-бап. 2021 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мақсаттарға 1 850 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.";

2) 14-баптың бірінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 6-1), 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) және 7-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға;"

"7-1) тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялауға;

7-2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;

7-3) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;

7-4) коронавируспен (COVID-19) күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлеріне үстемеақылар төлеуге;

7-5) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және олардың тұрғын үй төлемдеріне;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;"

мынадай мазмұндағы 17-1), 36-1) 40-1) және 41-1) тармақшалармен толықтырылсын :

"17-1) үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды қамтамасыз етуге;"

"36-1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;"

"40-1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге;"

"41-1) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға;"

3) 19, 23, 24, 25, 26 және 27-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылға арналған резерві 231 696 458 мың теңге сомасында бекітілсін.";

"23-бап. 2021 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 900 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-бап. 2021 жылы экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті 100 200 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25-бап. 2021 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 18 260 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

26-бап. 2021 жылға мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 45 034 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

27-бап. 2021 жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 2 481 143 489 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.";

4) көрсетілген Заңға 1 және 4-қосымшалар осы Заңға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2-бап. Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

"2021 – 2023 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы"
2021 жылғы 24 мамырдағы
Қазақстан Республикасының
№ 44-VII ҚРЗ Заңына
1-ҚОСЫМША
"2021 – 2023 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
2020 жылғы 2 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасының
№ 379-VI ҚРЗ Заңына
1-ҚОСЫМША

2021 жылға арналған республикалық бюджет

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
			I. Кірістер	12 403 711 446
1			Салықтық түсімдер	6 913 806 526
	01		Табыс салығы	1 870

			226 706
	1	Корпоративтік табыс салығы	1 870 226 706
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 657 797 971
	1	Қосылған құн салығы	3 036 094 254
	2	Акциздер	116 868 850
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	487 022 815
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 485 538
	5	Ойын бизнесіне салық	13 326 514
06		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	1 344 413 259
	1	Кеден төлемдері	1 321 086 216
	2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	23 327 043
07		Басқа да салықтар	2 153 555
	1	Басқа да салықтар	2 153 555
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	39 215 035
	1	Мемлекеттік баж	39 215 035

2		Салықтық емес түсімдер	286 899 962
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	215 380 090
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1 178 565
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	139 908 283
	4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	4 488 943
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	58 490 365
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	1 000 000
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 395 128
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	7 918 806
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 832 903
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 832 903
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	129 082
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	129 082
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 386 938
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 386 938
05		Гранттар	1 204 668

	2	Қаржылық көмек	1 204 668
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	56 966 281
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	56 966 281
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3 585 654
02		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	3 585 654
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	3 585 654
4		Трансферттердің түсімдері	5 201 425 304
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	651 425 304
	1	Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттер	651 425 304
04		Ұлттық қордан трансферттер	4 550 000 000
	1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	4 550 000 000

Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Әкімші			
	Бағдарлама			
			II. Шығындар	14 911 075 741
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	623 190 583

101		Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	8 728 706
	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	6 944 701
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	615 354
	003	Архив қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер	512 304
	007	Орталық коммуникациялар қызметінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	656 347
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 396 962
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 396 962
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	174 860
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер	106 230
	008	Азаптаулардың алдын алу жөніндегі ұлттық алдын алу тетігін нығайту	68 630
107		Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	323 211
	001	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	323 211
108		Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі	2 175 192
	001	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 156 949
	008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 018 243
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	83 322 123
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	83 322 123
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	79 832 227
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	54 489 132
	003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	95 154
	005	Шетелдік іссапарлар	2 233 595
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	60 574
	013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	487 190

	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	20 259 234
	019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	2 138 011
	021	Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету	69 337
207		Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	8 967 102
	001	Экология, геология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру бойынша көрсететін қызметтер	8 967 102
209		Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	10 237 418
	001	Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	6 623 233
	002	Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	3 614 185
211		Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі	3 793 343
	001	Ішкі және сыртқы сауда саясаты, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 793 343
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	153 010 656
	001	Бюджеттік жоспарлауды, мемлекеттік бюджетті атқаруды және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	85 062 943
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	24 338
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	13 268
	030	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	6 951 273
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	8 442 227
	072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	1 190 093
	094	Мемлекеттік активтерді басқару	1 530 805
	205	Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарактандыру	49 795 709
223		Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	7 276 288
	001	Цифрландыру, инновациялар, аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), топография-геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	7 276 288
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	64 417 644

	130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	5 797 525
	217	Ғылымды дамыту	58 620 119
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	2 964 665
	001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	2 964 665
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	9 320 902
	001	Инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру, экономикалық саясатты дамыту, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру бойынша көрсетілетін қызметтер	6 675 402
	006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	915 637
	057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	147 360
	073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	1 080 442
	096	Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізу	502 061
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	49 843 606
	001	Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	9 843 606
	222	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	40 000 000
406		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	2 328 408
	001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 753 474
	007	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру	574 934
608		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	4 433 207
	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 215 604
	008	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау	541 200

	012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу бойынша көрсететін қызметтер	2 20 565
	017	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	4 55 838
625		Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	8 494 091
	001	Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	8 494 091
626		Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі	18 796 392
	001	Реформаларды қалыптастыруға және тиімді іске асыруға жәрдемдесу бойынша көрсетілетін қызметтер, стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік статистикалық қызмет салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, мемлекеттік басқару жүйесі мен квазимемлекеттік секторды жетілдіруге қатысу	10 856 518
	002	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	7 939 874
627		Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі	1 680 394
	001	Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	1 680 394
628		Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі	16 199 141
	001	Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды, экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	16 199 141
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Аппараты	4 15 810
	001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	4 15 810
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	11 237 957
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	7 03 815
	002	Сайлау өткізу	5 812 430
	003	Облыстық бюджеттерге аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 721 712
693		Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	13 756 263
	001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 756 263
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	59 064 015

	001	Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының мемлекеттік функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	58 038 948
	005	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	1 025 067
2		Қорғаныс	717 682 911
	202	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	133 651 883
	001	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру бойынша көрсетілетін қызметтер	12 068 726
	002	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	54 214 498
	006	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	45 037 932
	007	Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар мен мекемелердің күрделі шығыстары	22 330 727
	208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	339 762 015
	001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	3 215 538
	047	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету	336 546 477
	249	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	244 269 013
	004	Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды қамтамасыз ету	244 269 013
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	789 482 459
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	1 767 444
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 767 444
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	230 790 594

	015	Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету	17 891 921
	076	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	154 006 802
	077	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру	47 345 846
	078	Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	11 546 025
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	47 506 371
	001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	11 395 055
	005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 813 004
	006	Мемлекеттік органдардың заң шығару қызметін ғылыми сүйемелдеу	408 001
	009	Халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету және Бірыңғай құқықтық ақпарат жүйесін жүргізу	1 097 199
	047	Төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ төрелікке дейінгі және сотқа дейінгі дауларды реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау	21 195 500
	061	Сот сараптамасы объектілерін салу	1 940 832
	065	Сот сараптамалары бойынша қызметтер	9 656 780
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	352 668 330
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	347 115 523
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	5 552 807
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	56 194 237
	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	56 194 237
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	38 450 651
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	37 948 789
	015	Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	501 862

624		Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)	24 172 410
	001	<i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	14 390 672
	002	<i>Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша жедел-ізвестіру қызметі</i>	6 827 502
	015	<i>Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу</i>	2 954 236
628		Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі	6 318 369
	002	<i>Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру</i>	5 849 569
	003	<i>Сотқа дейінгі тергеп-тексеру</i>	4 68 800
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	31 614 053
	001	<i>Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету</i>	30 051 052
	002	<i>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы</i>	1 563 001
04		Білім беру	1 373 457 564
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі	208 713
	009	<i>"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым</i>	208 713
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	11 569 753
	079	<i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау</i>	11 569 753
202		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	1 781 941
	003	<i>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау</i>	1 781 941
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	15 869 652
	005	<i>Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру</i>	1 710 977
	011	<i>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау</i>	13 302 001
	017	<i>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау</i>	8 56 674
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	23 377
	060	<i>Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау</i>	23 377

225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	1 267 198 761
	001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	11 418 565
	017	Инновациялық мүмкіндіктер және білім беруді жаңғырту: елдің орнықты дамуы үшін экологиялық мәдениетке бастар жол	506 025
	060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға нысаналы салым	21 895 054
	092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	7 021 994
	098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	76 376 880
	099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	759 971 317
	203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	70 125 574
	204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	310 814 823
	221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	411 922
	222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	2 358 061
	223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	855 411
	227	Орта білім беруді жаңғырту	2 697 180
	229	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "EL UMITI" таланттарды анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	370 000
	230	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	475 993
	231	Түркі академиясын орналастыру шарттары мен тәртібі туралы келісімнің іске асырылуын қамтамасыз ету	23 874
	232	Жамбыл облысының бюджетіне биофармацевтикалық зауыт салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 597 008
	233	Ғылым саласында биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер	279 080
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	34 878 149
	003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	579 189
	005	Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	647 745
	006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	33 122 559

	072	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 28 656
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	36 725 232
	005	Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	1 996 112
	006	Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	2 245 284
	007	Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	2 242
	038	Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	18 793 081
	041	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	12 586 599
	045	Туризм саласында кадрларды даярлау үшін білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	1 101 914
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	5 16 059
	017	Сот кадрларына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру	5 16 059
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	2 584 413
	018	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру	2 584 413
608		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	2 013 019
	002	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	43 1 119
	013	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	1 581 900
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	88 495
	011	Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	88 495
5		Денсаулық сақтау	1 866 739 765
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 989 258
	014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу жөніндегі қызметтер	5 989 258
202		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	1 968 002
	004	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	1 968 002

208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	8 017 044
	008	Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету	8 017 044
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	913 737
	019	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	913 737
